

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы

Жариялау күні: 15.05.2026

Келесі жариялау күні: 15.06.2026

1. Негізгі мәселелер

Тауарлармен сыртқы сауда

ЕАЭО елдерімен тауарлармен өзара сауда

2. Сыртқы сауда айналымының динамикасы

3. Глоссарий

4. Әдістемелік түсініктемелер

5. Басылымдарға қатысты сілтемелер


6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі мәселелер

2026 жылғы қаңтар-наурыздағы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 32 902,8 млн. АҚШ долларын құрап, 2025 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда номиналды мәнде 10,5% өсті, оның ішінде экспорт – 17 992,2 млн. АҚШ долларын (номиналды мәнде 9,4% көп), импорт – 14 910,6 млн. АҚШ долларын құрады (номиналды мәнде 11,8% көп).

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымының динамикасы

өткен жылдың сәйкес кезеңіне пайызбен



Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара саудасы

2026 жылғы қаңтар-наурыздағы Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара сауда 7 306,4 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда номиналды мәнде 17% көбейді.


2026 жылғы қаңтар-наурыздағы тауарлар экспорты 1 975,1 млн. АҚШ доллары (6,5% аз), импорт – 5 331,3 млн. АҚШ доллары (28,9% көп) деңгейінде қалыптасты.

Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымының жалпы көлемінде Ресей Федерациясына - 88,4%, бұдан әрі Қырғыз Республикасына - 7,5%, Беларусь Республикасына - 3,8%, Армения Республикасына - 0,3% келеді.

2. Сыртқы сауда айналымының динамикасы

Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымындағы үлес салмағы

пайызбен




Қазақстан Республикасының экспорты бойынша тауарлардың негізгі үлес салмағы 2026 жылғы қаңтар-наурызда мынадай тауарларға тиесілі: битуминозды минералдардан алынған шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері (44,4%), тазартылған мыс және өңделмеген мыс қорытпалары (7,7%), мыс кендері мен концентраттары (6,7%), ферроқорытпалар (3,6%), бидай және меслин (3,1%).

Қазақстан Республикасының импорты бойынша ең көп үлес салмағы мынадай тауарларға тиесілі: мұнай газдары және өзге де газ тәріздес көмірсутектер (3,3%), жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдары (3,2%), электр генераторлық қондырғылар және айналмалы электр түрлендіргіштері (2,8%), дәрілік заттар (2,5%), телефон аппараттары (2,5%).


Қазақстаннан экспорт 17 992,2 млн. АҚШ доллары

Пайызбен



Қазақстанға импорт 14 910,6 млн. АҚШ доллары

пайызбен




Қазақстан Республикасының экспорттағы негізгі әріптес елдері: Қытай (19,5%), Италия (17,2%), Ресей (8,3%), Түркия (7,4%), Өзбекстан (6,1%), Нидерланд (5,9%).

Қазақстан Республикасының импорттағы негізгі серіктес елдері: Ресей (33,3%), Қытай (29%), Германия (4,6%), АҚШ (4%), Корея Республикасы (2,7%), Түркия (2,2%) болып табылады.

Серіктес елдер

қорытындыға пайызбен



3. Глоссарий

Тауарлардың сыртқы саудасы – мүше мемлекет пен үшінші елдер арасындағы тауарлардың импорты мен экспорты

Тауарлардың өзара саудасы – мүше мемлекеттер арасындағы тауарлардың импорты мен экспорты

Тауарлардың экспорты – бір мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына мүше мемлекеттің материалдық ресурстарының қорларын азайтатын тауарларды әкету

Тауарлардың импорты – мүше мемлекеттің материалдық ресурстарының қорларына қосылатын тауарларға мүше мемлекеттің аумағынан басқа мүше мемлекеттің аумағына алып келу.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Өзара сауда статистикасы БҰҰ-ның «Тауарлардың халықаралық сауда статистикасы» статистикалық бөлімінің Ресми жариялануында қамтылған ережелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен тауарлардың өзара саудасы туралы есеп» 1–ТС статистикалық есептілігінің деректері негізінде қалыптастырылады. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №210 шешімімен бекітілген «Тауарлармен халықаралық сауда статистикасы: құрастырушыларға арналған нұсқаулық» және Еуразиялық

экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарлармен өзара сауда статистикасын және сыртқы сауда кедендік статистикасын жүргізудің бірыңғай әдіснамасы.

Тауарлардың жіктеуіші ретінде Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы қолданылады.

Тауарлардың өзара сауда статистикасындағы тауарларды есепке алу негізінен мүше мемлекеттердің материалдық ресурстарының қорларына қосылатын, олардың әкелінуі нәтижесінде бір мүше мемлекеттің аумағы басқа мүше мемлекеттің аумағынан қосылатын не оларды әкету нәтижесінде мүше мемлекеттердің материалдық ресурстарының қорларын азайтатын мүше мемлекеттердің арасында өткізілетін барлық тауарларды есепке алуды көздейтін жалпы сауда жүйесі негізінде жүзеге асырылады бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына.

5. Электрондық кестелер

[ҚР-ның сыртқы сауда айналымы](#)

[Тауарлардың экспорты мен импортының құрылымы](#)

[ЕАЭО елдерімен тауарлардың экспорты мен импортының құрылымы](#)

[Сыртқы сауданың негізгі көрсеткіштері](#)

[Ет және ет өнімдерінің экспорты және импорты](#)

[ҚР-ның өңірлер бойынша өзара сауда статистикасы](#)

[ҚР-ның 2025 жылғы тауар-елдер бөлінісінде 4, 6, 10 СЭҚ ТН ЕАЭО бойынша](#)

[ҚР-ның 2025 жылғы елдер-тауарлар бөлінісінде 4, 6, 10 СЭҚ ТН ЕАЭО бойынша](#)

[2025 жылғы ҚР-ның аумақтар бөлінісінде негізгі көрсеткіштер бойынша өзара саудасы](#)

[Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сыртқы сауда айналымы](#)

[Сыртқы сауда айналымының динамикасы](#)

[АӨК](#)

[Қазақстан Республикасының қызмет көрсету экспорты мен импорты](#)

[Азық-түлік тауарлары бойынша Қазақстан Республикасының экспорты және импорты](#)

[Өңделген ауылшарушылық өнімдердің экспорты және импорты](#)

[Мал шарушылығы өнімдерінің тауарлар экспорты мен импорты](#)

[Өсімдік өнімдерінің экспорты және импорты](#)

[Қазақстан Республикасының тауарлармен елдер бөлінісінде сыртқы және өзара сауда статистикасы](#)

[ҚР ССА қорытындысы](#)

[Экспорт және импорт тауарлық құрылымы](#)

*2026 жылғы қаңтар-наурыздағы – алдын ала деректер.

Шығарымға жауапты: Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	Департамент директоры: Г. Айгозина Тел. +7 7172 74 90 60	Орындаушы: Жалмухамбетова А.Х. Тел. +7 7172 74 93 96 E-mail: a.zhalmukhambetova@aspire.gov.kz	Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	---	---	--

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы